

ISSN 1991-3494

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҰЛТТЫҚ ҒЫЛЫМ АКАДЕМИЯСЫНЫҢ

Х А Б А Р Ш Ы С Ы

ВЕСТНИК

НАЦИОНАЛЬНОЙ АКАДЕМИИ НАУК
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

THE BULLETIN

OF THE NATIONAL ACADEMY OF SCIENCES
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

1944 ЖЫЛДАН ШЫҒА БАСТАҒАН
ИЗДАЕТСЯ С 1944 ГОДА
PUBLISHED SINCE 1944

2

АЛМАТЫ
АЛМАТЫ
ALMATY

2016

НАУРЫЗ
МАРТ
MARCH

Б а с р е д а к т о р

ҚР ҰҒА академигі

М. Ж. Жұрынов

Р е д а к ц и я а л қ а с ы:

биол. ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА академигі **Айтхожина Н.А.**; тарих ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА академигі **Байпақов К.М.**; биол. ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА академигі **Байгулин И.О.**; биол. ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА академигі **Берсімбаев Р.И.**; хим. ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА академигі **Газалиев А.М.**; а.-ш. ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА академигі **Дүйсенбеков З.Д.**; а.-ш. ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА академигі **Елешев Р.Е.**; физ.-мат. ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА академигі **Қалменов Т.Ш.**; фил. ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА академигі **Нысанбаев А.Н.**; экон. ғ. докторы, проф., ҰҒА академигі **Сатубалдин С.С.**; тарих ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА корр. мүшесі **Әбжанов Х.М.**; физ.-мат. ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА корр. мүшесі **Әбішев М.Е.**; техн. ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА корр. мүшесі **Әбішева З.С.**; техн. ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА корр. мүшесі **Абсадықов Б.Н.** (бас редактордың орынбасары); а.-ш. ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА корр. мүшесі **Баймұқанов Д.А.**; тарих ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА корр. мүшесі **Байтанаев Б.А.**; физ.-мат. ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА корр. мүшесі **Давлетов А.Е.**; физ.-мат. ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА корр. мүшесі **Қалимолдаев М.Н.**; геогр. ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА корр. мүшесі **Медеу А.**; техн. ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА корр. мүшесі **Мырхалықов Ж.У.**; биол. ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА корр. мүшесі **Огарь Н.П.**; техн. ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА корр. мүшесі **Таткеева Г.Г.**; а.-ш. ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА корр. мүшесі **Үмбетаев И.**

Р е д а к ц и я к е ñ е с і:

Ресей ҒА академигі **Велихов Е.П.** (Ресей); Әзірбайжан ҰҒА академигі **Гашимзаде Ф.** (Әзірбайжан); Украинаның ҰҒА академигі **Гончарук В.В.** (Украина); Армения Республикасының ҰҒА академигі **Джрбашян Р.Т.** (Армения); Ресей ҒА академигі **Лаверов Н.П.** (Ресей); Молдова Республикасының ҰҒА академигі **Москаленко С.** (Молдова); Молдова Республикасының ҰҒА академигі **Рудик В.** (Молдова); Армения Республикасының ҰҒА академигі **Сагиян А.С.** (Армения); Молдова Республикасының ҰҒА академигі **Тодераш И.** (Молдова); Тәжікстан Республикасының ҰҒА академигі **Якубова М.М.** (Тәжікстан); Молдова Республикасының ҰҒА корр. мүшесі **Лупашку Ф.** (Молдова); техн. ғ. докторы, профессор **Абиев Р.Ш.** (Ресей); техн. ғ. докторы, профессор **Аврамов К.В.** (Украина); мед. ғ. докторы, профессор **Юрген Аппель** (Германия); мед. ғ. докторы, профессор **Иозеф Банас** (Польша); техн. ғ. докторы, профессор **Гарабджиу** (Ресей); доктор PhD, профессор **Ивахненко О.П.** (Ұлыбритания); хим. ғ. докторы, профессор **Изабелла Новак** (Польша); хим. ғ. докторы, профессор **Полещук О.Х.** (Ресей); хим. ғ. докторы, профессор **Поняев А.И.** (Ресей); профессор **Мохд Хасан Селамат** (Малайзия); техн. ғ. докторы, профессор **Хрипунов Г.С.** (Украина)

Главный редактор

академик НАН РК

М. Ж. Журинов

Редакционная коллегия:

доктор биол. наук, проф., академик НАН РК **Н.А. Айтхожина**; доктор ист. наук, проф., академик НАН РК **К.М. Байпаков**; доктор биол. наук, проф., академик НАН РК **И.О. Байтулин**; доктор биол. наук, проф., академик НАН РК **Р.И. Берсимбаев**; доктор хим. наук, проф., академик НАН РК **А.М. Газалиев**; доктор с.-х. наук, проф., академик НАН РК **З.Д. Дюсенбеков**; доктор сельскохоз. наук, проф., академик НАН РК **Р.Е. Елешев**; доктор физ.-мат. наук, проф., академик НАН РК **Т.Ш. Кальменов**; доктор фил. наук, проф., академик НАН РК **А.Н. Нысанбаев**; доктор экон. наук, проф., академик НАН РК **С.С. Сатубалдин**; доктор ист. наук, проф., чл.-корр. НАН РК **Х.М. Абжанов**; доктор физ.-мат. наук, проф., чл.-корр. НАН РК **М.Е. Абишев**; доктор техн. наук, проф., чл.-корр. НАН РК **З.С. Абишева**; доктор техн. наук, проф., чл.-корр. НАН РК **Б.Н. Абсадыков** (заместитель главного редактора); доктор с.-х. наук, проф., чл.-корр. НАН РК **Д.А. Баймуканов**; доктор ист. наук, проф., чл.-корр. НАН РК **Б.А. Байтанаев**; доктор физ.-мат. наук, проф., чл.-корр. НАН РК **А.Е. Давлетов**; доктор физ.-мат. наук, проф., чл.-корр. НАН РК **М.Н. Калимолдаев**; доктор геогр. наук, проф., чл.-корр. НАН РК **А. Медеу**; доктор техн. наук, проф., чл.-корр. НАН РК **Ж.У. Мырхалыков**; доктор биол. наук, проф., чл.-корр. НАН РК **Н.П. Огарь**; доктор техн. наук, проф., чл.-корр. НАН РК **Г.Г. Таткеева**; доктор сельскохоз. наук, проф., чл.-корр. НАН РК **И. Умбетаев**

Редакционный совет:

академик РАН **Е.П. Велихов** (Россия); академик НАН Азербайджанской Республики **Ф. Гашимзаде** (Азербайджан); академик НАН Украины **В.В. Гончарук** (Украина); академик НАН Республики Армения **Р.Т. Джрбашян** (Армения); академик РАН **Н.П. Лаверов** (Россия); академик НАН Республики Молдова **С. Москаленко** (Молдова); академик НАН Республики Молдова **В. Рудик** (Молдова); академик НАН Республики Армения **А.С. Сагиян** (Армения); академик НАН Республики Молдова **И. Тодераш** (Молдова); академик НАН Республики Таджикистан **М.М. Якубова** (Таджикистан); член-корреспондент НАН Республики Молдова **Ф. Лупашку** (Молдова); д.т.н., профессор **Р.Ш. Абиев** (Россия); д.т.н., профессор **К.В. Аврамов** (Украина); д.м.н., профессор **Юрген Аппель** (Германия); д.м.н., профессор **Иозеф Банас** (Польша); д.т.н., профессор **А.В. Гарабаджиу** (Россия); доктор PhD, профессор **О.П. Ивахненко** (Великобритания); д.х.н., профессор **Изабелла Новак** (Польша); д.х.н., профессор **О.Х. Полещук** (Россия); д.х.н., профессор **А.И. Поняев** (Россия); профессор **Мохд Хасан Селамат** (Малайзия); д.т.н., профессор **Г.С. Хрипунов** (Украина)

«Вестник Национальной академии наук Республики Казахстан». ISSN 1991-3494

Собственник: РОО «Национальная академия наук Республики Казахстан» (г. Алматы)

Свидетельство о постановке на учет периодического печатного издания в Комитете информации и архивов Министерства культуры и информации Республики Казахстан №5551-Ж, выданное 01.06.2006 г.

Периодичность: 6 раз в год

Тираж: 2000 экземпляров

Адрес редакции: 050010, г. Алматы, ул. Шевченко, 28, ком. 219, 220, тел. 272-13-19, 272-13-18.

www: nauka-nanrk.kz, bulletin-science.kz

© Национальная академия наук Республики Казахстан, 2016

Адрес типографии: ИП «Аруна», г. Алматы, ул. Муратбаева, 75

Editor in chief

M. Zh. Zhurinov,
academician of NAS RK

Editorial board:

N.A. Aitkhozhina, dr. biol. sc., prof., academician of NAS RK; **K.M. Baipakov**, dr. hist. sc., prof., academician of NAS RK; **I.O. Baitulin**, dr. biol. sc., prof., academician of NAS RK; **R.I. Bersimbayev**, dr. biol. sc., prof., academician of NAS RK; **A.M. Gazaliyev**, dr. chem. sc., prof., academician of NAS RK; **Z.D. Dyusenbekov**, dr. agr. sc., prof., academician of NAS RK; **R.Ye. Yeleshev**, dr. agr. sc., prof., academician of NAS RK; **T.Sh. Kalmenov**, dr. phys. math. sc., prof., academician of NAS RK; **A.N. Nysanbayev**, dr. phil. sc., prof., academician of NAS RK; **S.S. Satubaldin**, dr. econ. sc., prof., academician of NAS RK; **Kh.M. Abzhanov**, dr. hist. sc., prof., corr. member of NAS RK; **M.Ye. Abishev**, dr. phys. math. sc., prof., corr. member of NAS RK; **Z.S. Abisheva**, dr. eng. sc., prof., corr. member of NAS RK; **B.N. Absadykov**, dr. eng. sc., prof., corr. member of NAS RK (deputy editor); **D.A. Baimukanov**, dr. agr. sc., prof., corr. member of NAS RK; **B.A. Baytanayev**, dr. hist. sc., prof., corr. member of NAS RK; **A.Ye. Davletov**, dr. phys. math. sc., prof., corr. member of NAS RK; **M.N. Kalimoldayev**, dr. phys. math. sc., prof., corr. member of NAS RK; **A. Medeu**, dr. geogr. sc., prof., corr. member of NAS RK; **Zh.U. Myrkhalykov**, dr. eng. sc., prof., corr. member of NAS RK; **N.P. Ogar**, dr. biol. sc., prof., corr. member of NAS RK; **G.G. Tatkeeva**, dr. eng. sc., prof., corr. member of NAS RK; **I. Umbetayev**, dr. agr. sc., prof., corr. member of NAS RK

Editorial staff:

E.P. Velikhov, RAS academician (Russia); **F. Gashimzade**, NAS Azerbaijan academician (Azerbaijan); **V.V. Goncharuk**, NAS Ukraine academician (Ukraine); **R.T. Dzhrbashian**, NAS Armenia academician (Armenia); **N.P. Laverov**, RAS academician (Russia); **S.Moskalenko**, NAS Moldova academician (Moldova); **V. Rudic**, NAS Moldova academician (Moldova); **A.S. Sagiyan**, NAS Armenia academician (Armenia); **I. Toderas**, NAS Moldova academician (Moldova); **M. Yakubova**, NAS Tajikistan academician (Tajikistan); **F. Lupaşcu**, NAS Moldova corr. member (Moldova); **R.Sh. Abiyev**, dr.eng.sc., prof. (Russia); **K.V. Avramov**, dr.eng.sc., prof. (Ukraine); **Jürgen Appel**, dr.med.sc., prof. (Germany); **Joseph Banas**, dr.med.sc., prof. (Poland); **A.V. Garabadzhiu**, dr.eng.sc., prof. (Russia); **O.P. Ivakhnenko**, PhD, prof. (UK); **Isabella Nowak**, dr.chem.sc., prof. (Poland); **O.Kh. Poleshchuk**, chem.sc., prof. (Russia); **A.I. Ponyaev**, dr.chem.sc., prof. (Russia); **Mohd Hassan Selamat**, prof. (Malaysia); **G.S. Khripunov**, dr.eng.sc., prof. (Ukraine)

Bulletin of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan.

ISSN 1991-3494

Owner: RPA "National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan" (Almaty)

The certificate of registration of a periodic printed publication in the Committee of Information and Archives of the Ministry of Culture and Information of the Republic of Kazakhstan N 5551-Ж, issued 01.06.2006

Periodicity: 6 times a year

Circulation: 2000 copies

Editorial address: 28, Shevchenko str., of. 219, 220, Almaty, 050010, tel. 272-13-19, 272-13-18,

<http://nauka-nanrk.kz/>, <http://bulletin-science.kz>

© National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, 2016

Address of printing house: ST "Aruna", 75, Muratbayev str, Almaty

SOCIAL-POLITICAL VIEWS OF IBN KHALDUN

M. O. Nassimov¹, B. Zh. Paridinova¹, K. K. Kaldybay², T. K. Abdrasilov²

¹University «Bolashak», Kyzylorda, Kazakhstan;

²Ahmet Yassawi International Kazakh-Turkish University, Turkestan, Kazakhstan.

E-mail: nasimov_m@mail.ru

Keywords: social-political views, world view, «new science», Asabiyyah, umran.

Abstract. Modern social sciences and the humanities are based on a foundation of philosophical thought of previous years. Historically the first form of interpretation of social reality was social-political explanation of the nature of policy.

Ibn Khaldun was an Arab Muslim historiographer and historian, regarded to be the founding fathers of modern sociology. Ibn Khaldun works on economy are actual and today. In the historical work «Muqaddimah: An Introduction to History» his writings on economics, economic surplus and economic oriented policies are as relevant today as they were during his time.

In this article is considered the contribution in development social-political and economical of an idea on an example of a heritage Ibn Haldun.

УДК 930

ИБН ХАЛДУННЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК-САЯСИ КӨЗҚАРАСТАРЫ

М. Ө. Насимов¹, Б. Ж. Паридинова¹, Қ. Қ. Қалдыбай², Т. Қ. Абдрасилов²

¹«Болашак» университеті, Қызылорда, Қазақстан,

²Қ.А. Ясауи атындағы Халықаралық Қазақ-Түрік университеті, Түркістан, Қазақстан

Тірек сөздер: әлеуметтік-саяси көзқарастар, дүниетаным, «жаңа ғылым», асабийя, умран.

Аннотация. Қазіргі заманғы қоғамдық және гуманитарлық ғылымдар өткен жылдар философиялық ойларының негіздеріне сүйенеді. Қоғамдық шындықты ұғындырудың тарихи бірінші түрі саясат табиғатын әлеуметтік-саяси көзқарастар тұрғысынан түсіндіру болып табылады.

Ибн Халдун - араб-мұсылман философы, тарихшы, ойшыл. Оның экономика тақырыбындағы еңбектері бүгінгі таңда да өзекті саналады. Өзінің «Үлкен тарих» кітабындағы «Кіріспеде» («Мукаддима») мемлекеттер мен халықтардың өркендеуі мен құлдырауы себептерін талдайды.

Берілген мақалада Ибн Халдун мұралары мысалында, оның әлеуметтік-саяси және саяси экономикалық ойлардың дамуына қосқан үлесі зерттелді.

Ибн Халдун Таяу және Орта Шығыс халықтарының қоғамдық-философиялық ойларының дамуына үлес қосудан қатар, әлемдік әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдарда өзіндік ізін қалдырған ұлы ойшылдардың бірі. Көптеген еуропалық тілдерге аударылған оның шығармашылығы Шығыстағы мұсылман елдермен бірге, Батысқа да танымал. Сондықтан оның тұлғасы мен шығармашылығы Батыс пен Шығыс ориенталистерінің жан-жақты зерттеулер мен сараптамалар жүргізуге қызығушылық туындатып отыр.

XIV ғасырда өмір сүрген Ибн Халдунның шығармашылық мұрасы арқылы сол заманның философиялық-дүниетанымдық ұстанымдары мен әлеуметтік-саяси мәселелерімен таныса аламыз. Зерттеу барысында көптеген ғалымдардың Ибн Халдун ғылыми мұрасының қоғамның дамуына зор ықпал жасап, жалпы адамзат құндылықтарын дәстүрлі Шығыс рухани байлықтарымен байланыстырғандығы баяндалады.

Ойшылдың әлеуметтік-саяси көзқарастарын зерттеудегі негізгі материал болып оның әйгілі еңбегі «Үлкен тарих» немесе «Құнды мысалдар кітабы және арабтар, парсылар, берберлер мен олардың кең ауқымды билігі бар замандастары туралы мағлұмат диуаны» болып табылады. Әсіресе, «Үлкен тарих» кітабындағы «Кіріспе» («Мукаддима») [1, 187-217 бб.] саяси философияда маңызы жоғары дерек көзі болып табылады. Бұл еңбек ғалым дәуірінің әлеуметтік-экономикалық және саяси өмірінің көрсеткіші. Еңбекте адам тұлғасының әлеуметтік табиғаты мен дүниетанымдық қабілеттілігі, мемлекет дамуының заңдылықтары мен алғышарттары, мемлекетті табысты басқару тетіктері қарастырылады. Сонымен бірге, әділ саяси басқару, мәдениет пен өркениеттің дамуы, тұлғаның және қоғамның заңды өмір сүруі жайы бойынша талдаулар жасалып, ойшыл өз көзқарастарын білдірген.

Бүгінгі таңда Ибн Халдун шығармашылығына қызығушылық артып отыр. Оның еңбектерін түрлі көзқараста фәлсафашылар, тіл мамандары мен әдебиетшілер, тарихшылар, қоғамтанушылар, этнография саласының мамандары және т.б. зерттеуде. Зерттеулер барысында оның көзқарасындағы адамзат қоғамы мен оның тарихы, мемлекеттің қалыптасуы мен дамуы заңдылықтары, адамның рухани-әлеуметтік мәселелерін анықтауға болады. Сонымен қатар, діни төзбеушілік дамыған дәуірдегі оның шығармашылығы үлкен мәнге ие деп ойлаймыз.

Ойшыл еңбектерін зерттеуге үлес қосқан зерттеушілер арасынан И.Л. Алексеев [2, 5-14 бб.], Б. Араби [3, 107-109 бб.], Ф. Ацамба [4, 311-315 бб.], О. Бернар [5], П. Биро, Ж. Дреш [6], Ж.Д.С. Боулакиа [7, 1105-1118 бб.], Ф. Жоли, А. Аяш, Ж. Фардель, Л. Сюэш [8], Ш.-А. Жюльен [9], Н.А. Иванов [10, 3-45 бб.], Р. Капо-Рей [11], К.С. Каратас [12], У.М. Чапра [13, 836-863 бб.] сынды ғалымдардың құнды еңбектерін ерекше атап өтуге болады.

Жоғарыда атап өткендей, Ибн Халдун еңбектеріне көптеген танымал ғалымдар назарын аударған. Мәселен, орыс шығыстанушысы В.В. Бартольд өз еңбегінде ойшыл туралы мынадай мәлімет келтіреді: «Темір жастық шағын әскери жаттығуларға арнағандықтан, хат танымады. Сонда да ол өз иелігінің мәдени өмірін жақсы білді. Ғалымдармен тілдесу арқылы ол ғылым туралы кейбір түсініктер қалыптастырып, өз білімімен тарихшы Ибн Халдунды таң қалдыратын болған» [14, 157-162 бб.].

Ғалым идеяларын алғаш зерттеген ғалым С.М. Бациеваның пікірінше: «Ибн Халдун қоғамдық өмірдің «негіздері мен қағидаларын зерттеу» міндетін қою арқылы өз заманындағы тарихшылардан ерекшеленді. Тарихты қоғам өмірінің қозғаушы күші ретінде қарастырған «жаңа ғылым» құра білді» [15, 117 б.].

Н.С. Қирабаев өз еңбегінде ойшылдың шығармашылығындағы мемлекет пен өркениет тұжырымдамасына ерекше мән береді. Сонымен қатар, мұсылмандық Шығыстағы әлеуметтік философия мен әлеуметтанудың дамуына зор үлес қоса отырып, оның дүниетанымы бүгінгі әлеуметтану мен философияның дамуына ықпал жасады деп санайды. Ойшыл мемлекетті зерттеуде тарихи және әлеуметтік әдістерді қолданудың маңыздылығын көрсете отырып, философияның даму көкжиегін кеңейтті [16, 152-166 бб.].

М. Рабаи ойшылдың қоғамның саяси қайта құруларымен тікелей байланысты мәселелерін талдайды. Зерттеушінің пікірінше, ойшыл адам мен адамзат қоғамының өмір сүруіне мемлекеттік биліктің ықпалы зор екендігін баяндағысы келген. Экономика мен саясаттың өзара байланысын сезінген ол экономикалық дамудың тұрақтылығы мемлекеттің амандығына ықпал жасайтындығын айқындады [17, 15 б.].

Француз ғалымы У. Тораваль ойшылды жаңа заманға дейінгі кезеңнің ұлы тарихшысы деп атап көрсетеді. Мағриб жағдайын зерттеген Ибн Халдун «Кіріспедегі» бөлімдерді география, көшпенділер мен отырықшы халық қарама-қайшылықтары, мемлекет, оның механизмдері мен даму кезеңдері, қалалар мен династиялардың гүлденуі мен құлау кезеңдері, экономика мәселелеріне сәйкестендіріп бөлген. Сонымен бірге, ғылым және оның дамуы кезеңдеріне ерекше мән береді. Ғалым ойшылдың философиялық және діни көзқарастары ислам әлеміне түсініксіз әдістерді ұсынуымен бірге, тарих ғылымдарына тең құқылы пән ретінде мәртебесін көтеріп, гуманитарлық ғылымдардағы дәрежесін көтере білді деп есептейді [18, 48 б.].

Ибн Халдунның экономика, экономикаға бағытталған саясат, экономикалық қосымша зат туралы ойлары өз заманымен қоса, қазіргі заманда да өзектілігін жоймаған. Батыстық зерттеушілердің пікірінше, Ибн Халдун көптеген экономикалық заңдылықтарды олар батыста пайда болып, қолданысқа енгеніне дейін бірнеше жүз жылдан бұрын ашқан деп санайды. Айта

кетсек, Адам Смиттен бұрын еңбек бөлінісін, Рикардодан бұрын еңбек құны принципін және Кейнстан бұрынырақ реттеушілік саясатты жүргізудегі өкіметтің орны туралы ойларды айтқан. Қазіргі замандағы әлемдік экономикалық кеңістікке енуге талпынған қоғам кезінде Ибн Халдун ұсынған жекешелендіру саясаты мен жеке меншіктік құқықты анықтау, тауар мен қызметтерді мемлекеттік бақылауды жұмсарту, бюрократиялық аппарат пен жалданбалы әскерді қысқарту, экономикалық және сауда секторына мемлекеттің араласуын шектеу сияқты ұстанымдарын негізге алуы керек.

Ибн Халдун алғашқы болып экономиканың қызметін жүйелік талдаудан өткізіп, технология дамуының маңыздылығын, өндірістік кәсіптелу, сыртқы сауданы, артық өндіріліген тауардың маңызын, мемлекет пен оның өнімділік пен жұмыспен қамтамасыз ету саясатын жіті талдаған ойшыл. Сонымен қоса Ибн Халдун оңтайлы салық жүйесі, мемлекеттік минимумды қызметтер, экономикалық стимулдар, заң және құқық теорияларының құндылығын зерттеген. Ол жеке меншікті қорғау мәселесін өркениетті сақтау мәселесі деңгейіне көтеріп, жеке меншіктің қорғалмауы жалпы экономикалық белсенділіктің төмендеуіне алып келетінін айтады.

Ибн Халдунның ғылыми ізденістерінің бір бағыты өркениеттің гүлденуі және құлдырауына арналады. Ол қоғамдық-саяси және экономикалық тұрақтылықты бекіту, ұлттың дамуы мен мезгілсіз экономикалық дағдарыстан шығу мен мемлекет пен өркениеттің саяси ақырын болдырмау мақсатында келесі шараларды ұсынады:

1. Кәсіпкерлік бостандығы мен жеке меншікті қатал тәртіппен реттеу және қорғау; 2. Заңның басымдылығы мен соттық жүйенің әділеттіліктің орнатылуындағы беріктігі; 3. Қоғамдық және сауда-саттық қатынастардағы қауіпсіздік; 4. Жұмыспен қамтамасыз ету, өнімділік пен пайданы арттыру үшін салық салудың төмендетуі; 5. Бюрократиялық аппарат пен жалдамалы әскерлердің қысқарту арқылы тиімділігін арттыру; 6. Сауда, өнеркәсіп және коммерциялық әрекетке мемлекеттің араласуын шектеу; 7. Мемлекеттің баға орнатуына жол бермеу; 8. Мемлекеттің қолдауымен нарықтың монополизациялауына жол бермеу; 9. Ақшаның құнымен спекуляцияға жол бермейтіндей мемлекеттен тәуелсіз монетарлық саясат; 10. Халық санының артуы мен нарықтың арнайы кәсіптелу деңгейінің жоғарылауы; 11. Тәуелсіз ой мен әрекетті дамытуға бағытталған шығармашылық білім беру жүйесі; 12. Жақсы істерді құптап, жаман әрекеттерге тосқауыл қоятын әділ қоғамдық жүйені қалыптастыратын ұжымдық жауапкершілік пен ішкі әділдік сезімі.

Көріп отырғандай, Ибн Халдун адамның экономикалық белсенділігін бәсекелестер болсын, монополистер болсын, мемлекет тарапынан болсын әділетсіз қол сұғудан арашалауға тырысты. Осы берілген нұсқаулары арқылы Ибн Халдунның адамды тұлға ретінде дамыту үшін әділ заң мен қорғану құқығын қолдануды ұсынады.

Құдайға сенетін және міндеттерін орындаушы мұсылман ретінде Ибн Халдун әділдік пен қоғамның қайырымдылығы мәселелеріне аса зор көңіл аударды. Оның экономикалық әрекеттегі басты ұстанымы, барынша көп адамның мұқтаждығын өтеу негізінен бастау алса, батыс саяси экономикасының негізін салушылардың бірі Адам Смит экономикалық жүйені көтеруде тек жеке адамның өз пайдасын ойлауын алға тартады.

Қоғамдағы әділдікке қатысты, әсіресе, экономика саласында, Ибн Халдуннің көзқарасы бойынша ұлттың даму, оның өркендеуі мен көркеюіне алып келетін жалғыз жол - әділдік арқылы жүзеге асады. Қоғамдық әділдікті түсінуін Ибн Халдун толық шынайы Құран қағидаларына сүйенген «Әділдік бұл - адамдар арасындағы орнаған баланс» принципі арқылы көрсетті [19, 76-77 бб.].

Демек, ойшыл әлеуметтік-саяси мәселе турасында өз заманының қоғам және мемлекет тұжырымдамасын қалыптастыра білді. Ибн Халдун доктринасындағы тағылық пен өркениет адамзат қоғамы дамуындағы сапалық жағынан түрлі кезеңдер болып саналады. Ол бір аймақ шеңбері немесе біршама жақын деңгейде көрініс табатын құбылыс. Осыған сәйкес, «өркениетке өту қоғамның ішкі дамуының нәтижесінде емес, өзгенің жоқшылығы нәтижесі деп білеміз».

Ибн Халдун көп қырлы талдауларға сүйену арқылы бәдәуи және қала қоғамына мынадай сипаттамалар береді (экономика, саяси құрылыс, этникалық жағдай түрлеріне қарай бөлген):

1) бәдәуи қоғамы: а) қажеттіліктермен қамтамасыз етілген натуралды шаруашылық; ә) асабийя, яғни, көсемдер (ақсақалдар) билігіне негізделген әлеуметтік өзара байланыстар түрлері; б) пейілдердің қарапайымдылығы және табиғилығы, әлеуметтік байланыстағы орнықты тұлғалық жағдай.

2) қала қоғамы: а) даңғазалық, қажеттіліктен тыс асыра сұранысқа ие тауарлық шаруашылық; ә) үстемдік пен бағыныштылыққа негізделген, әлеуметтік байланыс түрлері жасанды түрде зорлық-зомбылықты қолдайтын патша билігі; б) байлық пен билікке ұмтылыстан туындаған азғындалған пейіл, ол - әлеуметтік байланыстарды құлдырауға ұшыратып, қоғамның ішкі құлауына әкеліп соғады.

Байқап отырсақ, ойшылдың берген сипаттамалары шын мәнінде қазіргі қоғамды ойландыратын өзекті мәселе. Қоғамның құлдырауынан сақтану үшін ойшыл тұжырымдамаларындағы негізгі түсініктер болып табылатын «асабийя» және «умран» ұғымдарына ерекше мән беруіміз қажет деген пікірдеміз. Бүгінде көптеген ғалымдар «асабийя» түсінігін қазіргі заманға лайықтап «ұжымдық ынтымақтастық» деп атап көрсетуде. Ойшыл ұғымды түсіндіру барысында Жаратушы адамзат табиғатына жақсылық пен жамандықты енгізіп, екі биіктікті атап көрсетеді. Берік «асабийя» иеленген тайпа ғана өмір сүре алатындығын дәлелдейді.

Түсінік бойынша әлеуметтануда да өзіндік пікірлер қалыптасқан. Мәселен, Эмиль Дюркгеймнің «кемелденген күш», Макс Вебердің «харизма», Лев Гумилевтің «пассионарлық» түсінігі, Рэндалл Коллинздің «жоғары эмоциялық энергиясы» тұжырымдамалары [20, 70, 82-87 бб.] аталмыш түсінікпен байланыстырылады. Сондықтан мемлекет тұтастығы татулық арқылы ынтымақтастық орнатуда екендігін ойшыл айқындай түседі.

Ибн Халдун «жана ғылымының» пәні болып «умран» табылады. Ойшыл пайымдауынша: «Умран – адамзаттың барлық өмір-салты қамтылатын әлеуметтік өмірі». Бүгінгі әдебиеттерде түсінік «өркениет» немесе «мәдениет» деп аударылады. Дегенмен, «өркениет» пен «мәдениет» ұғымдарының қазіргі таңдағы мағынасы Ибн Халдун айтқан «умран» түсінігіне сәйкес келмейді. Өйткені, «умран» өнім және нәтиже емес, бұл қоғамның өмірлік іс-әрекеті мен тіршілігі. Демек, біздің ойымызша түсінікті «әлеуметтік өмір» дегеніміз дұрыс болар.

Ибн Халдун мұрасы оның философиялық шығаршылығының бай екендігін көрсетеді. Зерттеу жұмысында анықталғандай, ол философияның жалпы мәселелерін қарастырумен қатар, қоғам мен саяси дамуға қажетті шараларды ұйымдастыруға байланысты пікірлерін әзірлеген. Ибн Халдун әлеуметтік-саяси көзқарастарындағы ұсынымдар қазіргі заманғы тарих, әлеуметтану, саясаттану және экономиканың қайнар көзі деп ойлаймыз.

Қорыта айтқанда, тарихи даму заңдылықтарын алғаш рет айқындаған Ибн Халдунның әлеуметтік-саяси идеялары бүгінгі таңда да өз маңыздылығын жоғалтқан жоқ. Жалпы адамзат құндылығын насихаттайтын еңбек оның әлеуметтік-саяси философиясын таныта отырып, қазіргі заманғы саяси ғылымдарда бағалы теориялық дерек көзі болатынына сеніміміз мол.

ӘДЕБИЕТ

[1] Ибн Халдун. Введение (ал-Мукаддима). Составление, перевод с арабского и примечания А.В. Смирнова. // Историко-философский ежегодник 2007. – М.: Наука, 2008. - 530 с.

[2] Алексеев И.Л. Возвращаясь к Ибн Халдуну // Рах Islamica. - 2008. №1. - С. 5-14.

[3] Араби Б. Ибн-Хальдун – основоположник арабской социологии // Социологические исследования. - 1990. - Т. 11. - С. 107-109.

[4] Ацамба Ф.М. Социально-экономические воззрения Ибн Хальдуна // Всемирная история экономической мысли: в 6 томах. - М.: Мысль, 1987. - Т. 1. От зарождения экономической мысли до первых теоретических систем политической жизни. - 606 с.

[5] Бернар О. Северная и Западная Африка / О. Бернар, Л.П. Слезникова. - М.: Изд. иностр. лит., 1949. - 536 с.

[6] Биро П., Дреш Ж. Западное Средиземноморье / Пер. с фр. Н.Б. Родиновой. - М.: Изд. иностр. лит., 1960. - Т.1. - 464 с.

[7] Boulakia J.D.C. Ibn Khaldun: a fourteenth century economist // Journal of Political Economy. - 1971. - September-October. - P. 1105-1118.

[8] Жоли Ф., Аяш А., Фардель Ж., Сюэш Л. География Марокко. - М.: Изд. иностр. лит., 1951. - 152 с.

[9] Жюльен Ш.-А. История Северной Африки (Тунис, Алжир, Марокко). - М.: Изд. иностр. лит., 1961. - Т. 2. От арабского завоевания до 1830 года. - 423 с.

[10] Иванов Н.А. «Китаб-аль-Ибар» Ибн Халдуна как источник по истории стран Северной Африки в XIV веке // Арабский сборник. - М.: Изд. Восточной лит., 1959. - 129 с.

[11] Капо-Рей Р. Французская Сахара. - М.: Географгиз, 1958. - 522 с.

[12] Karatas S.C. The Economic Theory of Ibn Khaldun and Rise and Fall of Nations, 2011 // Ислам для всех. - 2011. - 26 мая. [пер. с англ.]

[13] Chapra U.M. Ibn Khaldun's theory of development: Does it help explain the low performance of the present-day Muslim world? // The Journal of Socio-Economics. 2008. - Volume 37, Issue 2. - P. 836-863.

[14] Бартольд В.В. Тимур и Тимуриды // Общие работы по истории Средней Азии. Сочинения. - М.: Изд. вост. литературы, 1963. - 1020 с.

- [15] Бациева С.М. Историко-социологический трактат Ибн Халдуна «Мукаддима». - М., 1965. - 223 с.
[16] Кирабаев Н.С. Социальная философия мусульманского Востока (Эпоха Средневековья). - М.: Изд. университета дружбы народов, 1987. - 173 с.
[17] Rabia M. The Political Theory of Ibn Khaldun. - Leiden, 1967.
[18] Thoravel Y. Dictionnaire de civilization musulmane. - Paris, 1997. - 288 p.
[19] Мейірбаев Б.Б. Араб-мұсылман ойшылдарының әлеуметтік-экономикалық ойлары // ҚазҰУ Хабаршысы. Философия, мәдениеттану, саясаттану сериясы. - 2009. - №2 (33).
[20] Коллинз Р. Социология философий: глобальная теория интеллектуального изменения / пер. Н.С. Розова и Ю.Б.Вертегейм). - Новосибирск, 2002. - 1280 с.

REFERENCES

- [1] Ibn Haldun. Vvedenie (al-Mukaddima). Sostavlenie, perevod s arabskogo i primechanija A.V. Smirnova. Istoriko-filosofskij ezhegodnik 2007. M.: Nauka, 2008. 530 s. (in Russ.).
[2] Alekseev I.L. Vozvrashhajas' k Ibn Haldunu. *Pax Islamica*, 2008, 1, 5-14 (in Russ.).
[3] Arabi B. Ibn-Hal'dun – osnovopolozhnik arabskoj sociologii. *Sociologicheskie issledovanija*, 1990, T. 11, 107-109 (in Russ.).
[4] Acamba F.M. Social'no-jekonomicheskie vozzrenija Ibn Hal'duna. Vsemirnaja istorija jekonomicheskoy mysli: v 6 tomah. M.: Mysl', 1987. T. 1. Ot zarozhdenija jekonomicheskoy mysli do pervyh teoreticheskikh sistem politicheskoy zhizni. 606 s. (in Russ.).
[5] Bernar O. Severnaja i Zapadnaja Afrika. M.: Izd. inostr. lit., 1949. 536 s. (in Russ.).
[6] Biro P., Dresh Zh. Zapadnoe Sredizemnomor'e. Per. s fr. N.B. Rodinovej. M.: Izd. inostr. lit., 1960. T.1. 464 s. (in Russ.).
[7] Boulakia J.D.C. Ibn Khaldun: a fourteenth century economist. *Journal of Political Economy*, 1971, September-October, 1105-1118 (in Eng.).
[8] Zholi F., Ajash A., Fardel' Zh., Sjujesh L. Geografija Marokko. M.: Izd. inostr. lit., 1951. 152 s. (in Russ.).
[9] Zhjul'en Sh.-A. Istorija Severnoj Afriki (Tunis, Alzhir, Marokko). M.: Izd. inostr. lit., 1961. T. 2. Ot arabskogo zavoevanija do 1830 goda. 423 s. (in Russ.).
[10] Ivanov N.A. «Kitab-al'-Ibar» Ibn Halduna kak istochnik po istorii stran Severnoj Afriki v XIV veke. Arabskij sbornik. M.: Izd. Vostochnoj lit., 1959. 129 s. (in Russ.).
[11] Kapo-Rej R. Francuzskaja Sahara. M.: Geografiz, 1958. 522 s. (in Russ.).
[12] Karatas S.C. The Economic Theory of Ibn Khaldun and Rise and Fall of Nations, 2011. *Islam dlja vseh*, 2011, 26 maja. [per. s angl.] (in Russ.).
[13] Chapra U.M. Ibn Khaldun s theory of development: Does it help explain the low performace of the present-day Muslim world? *The Journal of Socio-Economics*, 2008, 37, 2, P. 836-863. (in Eng.).
[14] Bartol'd V.V. Timur i Timuridy. Obshhie raboty po istorii Srednej Azii. Sochinenija. M.: Izd. vost. literatury, 1963. 1020 s. (in Russ.).
[15] Bacieva S.M. Istoriko-sociologicheskij traktat Ibn Halduna «Mukaddima». M., 1965. 223 s. (in Russ.).
[16] Kirabaev N.S. Social'naja filosofija musul'manskogo Vostoka (Jepoha Srednevekov'ja). M.: Izd. universiteta družby narodov, 1987. 173 s. (in Russ.).
[17] Rabia M. The Political Theory of Ibn Khaldun. Leiden, 1967. (in Eng.).
[18] Thoravel Y. Dictionnaire de civilization musulmane. Paris, 1997. 288 p. (in Fra).
[19] Mejrbaev B.B. Arab-musylman ojšyldaryнын әлеуметтік-јekonomikalык ojlary. *ҚазUU Habarshysy. Filosofija, madenietanu, sajasattanu serijasy*, 2009, 2, 76-77 (in Kaz).
[20] Kollinz R. Sociologija filosofij: global'naja teorija intellektual'nogo izmenenija. per. N.S. Rozova i Ju.B.Vertgejm. Novosibirsk, 2002. 1280 s. (in Russ.).

СОЦИАЛЬНО-ПОЛИТИЧЕСКИЕ ВЗГЛЯДЫ ИБН ХАЛДУН

М. О. Насимов¹, Б. Ж. Паридинова¹, К. К. Калдыбай², Т. К. Абдрасилов²

¹ Университет «Болашак», Кызылорда, Казахстан;

² МКТУ им. Х.А. Ясави, Туркестан, Казахстан

Ключевые слова: социально-политические взгляды, мировоззрение, «новая наука», асабийя, умран.

Аннотация. Современные общественные и гуманитарные науки опираются на фундамент философской мысли прошлых лет. Исторически первой формой истолкования социальной реальности стало социально-политические объяснения природы политики.

Ибн Хальдун - арабский мусульманский философ, историк, социальный мыслитель. Труды ибн Хальдуна по экономике актуальны и сегодня. В своем историческом труде «Мукаддима» (Введение в историю) Ибн Хальдун анализировал причины подъёма и упадка стран и народов.

В данной статье рассматривается вклад в развитие социально-политической и политэкономической мысли на примере наследия Ибн Хальдуна.

Поступила 13.04.2016 г.

**Publication Ethics and Publication Malpractice
in the journals of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan**

For information on Ethics in publishing and Ethical guidelines for journal publication see <http://www.elsevier.com/publishingethics> and <http://www.elsevier.com/journal-authors/ethics>.

Submission of an article to the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan implies that the described work has not been published previously (except in the form of an abstract or as part of a published lecture or academic thesis or as an electronic preprint, see <http://www.elsevier.com/postingpolicy>), that it is not under consideration for publication elsewhere, that its publication is approved by all authors and tacitly or explicitly by the responsible authorities where the work was carried out, and that, if accepted, it will not be published elsewhere in the same form, in English or in any other language, including electronically without the written consent of the copyright-holder. In particular, translations into English of papers already published in another language are not accepted.

No other forms of scientific misconduct are allowed, such as plagiarism, falsification, fraudulent data, incorrect interpretation of other works, incorrect citations, etc. The National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan follows the Code of Conduct of the Committee on Publication Ethics (COPE), and follows the COPE Flowcharts for Resolving Cases of Suspected Misconduct (http://publicationethics.org/files/u2/New_Code.pdf). To verify originality, your article may be checked by the Cross Check originality detection service <http://www.elsevier.com/editors/plagdetect>.

The authors are obliged to participate in peer review process and be ready to provide corrections, clarifications, retractions and apologies when needed. All authors of a paper should have significantly contributed to the research.

The reviewers should provide objective judgments and should point out relevant published works which are not yet cited. Reviewed articles should be treated confidentially. The reviewers will be chosen in such a way that there is no conflict of interests with respect to the research, the authors and/or the research funders.

The editors have complete responsibility and authority to reject or accept a paper, and they will only accept a paper when reasonably certain. They will preserve anonymity of reviewers and promote publication of corrections, clarifications, retractions and apologies when needed. The acceptance of a paper automatically implies the copyright transfer to the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan.

The Editorial Board of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan will monitor and safeguard publishing ethics.

Правила оформления статьи для публикации в журнале смотреть на сайте:

www.nauka-nanrk.kz

<http://www.bulletin-science.kz/index.php/ru/>

Редакторы *М. С. Ахметова, Д. С. Аленов*
Верстка на компьютере *А.М. Кульгинбаевой*

Подписано в печать 19.04.2016.
Формат 60x881/8. Бумага офсетная. Печать – ризограф.
13,2 п.л. Тираж 2000. Заказ 2.